**Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы**

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 қарашадағы № 508 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 5 желтоқсанда № 4405 болып тіркелді.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағының 20-4) тармақшасына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркеуден кейін он күнтізбелік күннің ішінде оның көшірмесін облыс аумағында таралатын мерзімдік баспа басылымдарға ресми жариялауға жолдауын;

4) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін облыс әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын;

5) осы қаулыны мемлекеттік тіркеуден кейін осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді он жұмыс

күні ішінде "Алматы облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне ұсынуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Мұқашұлы Омарға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысының әкімі* *А. Баталов*

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы "17" қараша № 508 қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы әкімдігінің 29.01.2024 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері

| № | Спорт түрлері, спорттың ойын түрлері бойынша жарыстардың жіктелуі | Төлемдерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткіш) | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Спортшылар | | | Жаттықтырушылар | | | Клубтық командалардың жетекшілері | | |
| | | 1 орын | 2 орын | 3 орын | 1 орын | 2 орын | 3 орын | 1 орын | 2 орын | 3 орын |
| Олимпиадалық спорт түрлері | | | | | | | | | | |
| 1 | Жазғы және қысқы Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары | 203 | 145 | 116 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 2 | Азия, ПараАзиа және СурдоАзиа | 116 | 87 | 72 | 3 | 3 | 3 | 3 | | 3 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ойындары | | | | | | | | 3 | |
| 3 | Жазғы және қысқы Универсиада ойындары, Ислам ойындары | 43 | 35 | 29 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 4 | Жасөспірімдер Олимпиада ойындары | 43 | 35 | 29 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 5 | Ересектер арасында Әлем чемпионаты | 145 | 116 | 87 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 6 | Жастар арасында Әлем чемпионаты | 72 | 58 | 43 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 7 | Жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты | 35 | 29 | 23 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 8 | Ересектер арасында Азия чемпионаты | 101 | 72 | 58 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 9 | Жастар арасында Азия чемпионаты | 43 | 35 | 29 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| | Ересектер арасынд | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | а ҚР чемпионаты, ҚР Спартакиадасы | 87 | 43 | 29 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 11 | Олимпиадаойындарына лицензия | 72 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Ұлттық спорт түрлері | | | | | | | | | | |
| 1 | Ересектер арасында Әлем чемпионаты | 58 | 43 | 29 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 2 | Жастар арасында Әлем чемпионаты | 29 | 20 | 14 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 3 | Жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты | 14 | - | - | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 4 | Ересектер арасында Азия чемпионаты | 29 | 20 | 14 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 5 | Жастар арасында Азия чемпионаты | 20 | - | - | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 6 | Ересектер арасында ҚР чемпионаты | 20 | - | - | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 7 | ҚР "Қазақстан Барысы" | 35 | 26 | 20 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| Олимпиадалық емес спорт түрлері | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ересектер арасында Әлем чемпионаты | 43 | 29 | 20 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 2 | Жастар арасында Әлем чемпионаты | 29 | 20 | 14 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 3 | Жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты | 14 | - | - | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 4 | Ересектер арасында Азия чемпионаты | 29 | 20 | 14 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 5 | Жастар арасында Азия чемпионаты | 20 | - | - | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 6 | Ересектер арасында ҚР чемпионаты | 20 | - | - | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| Паралимпиада және Сурдлимпиада спорт түрлері | | | | | | | | | | |
| 1 | Ересектер арасында Әлем чемпионаты | 72 | 58 | 43 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 2 | Жастар арасында Әлем чемпионаты | 58 | 43 | 29 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 3 | Жасөспірімдер арасында | 43 | 29 | 20 | 3 | 3 | 3 | 3 | | 3 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | а Әлем чемпионаты | | | | | | | | 3 | |
| 4 | Ересектер арасында Азия чемпионаты | 43 | 29 | 20 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 5 | Жастар арасында Азия чемпионаты | 29 | 20 | 14 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 6 | Жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты | 29 | 20 | 14 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 7 | Ересектер арасында ҚР чемпионаты, ҚР Спартакиадасы, ҚР Паралимпиада Ойындары, ҚР Сурдлимпиадалық ойындары, Трансплантацияланған-нан кейін донорлық органдары бар адамдардың Спартакиадасы | 29 | 23 | 14 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| | Жастар арасынд | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | а ҚР чемпионаты | 23 | 17 | 11 | | | | | | |
| 9 | Жасөспірімдер арасында ҚР чемпионаты | 23 | 17 | 11 | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК